

Қарасаңыз көз сала,
Жаратылған планета
Төрт жарым миллиард жыл
Бұрын зор жарылыстан,
Бір миллиард жылдан соң
Пайда болған тірі жан.
Архей атты алғашқы эонда
Пайда болған прокариот бактерия,
Строматолит деген қалдық қазба,
Фототрофтар түзілген соңында.

Қайырмасы:

Ерте заман - палеозой,
Орта заман - мезозой,
Соңғы заман - кайнозой,
Алдымен архей, протерозой.

Жоғарыда келтірілген биологиялық әнді хип-хоп педагогиканың қазақ тіліндегі тұңғыш өнімі деп білемін. Келесі кезекте Bilim Media Group компаниясының жуырда оздырылғалы отырған «Жаңашыл ұстаз - 2016» байқауының II туры тапсырмаларының бірі - видеопрезентацияда өзімді рэп арқылы таныстыруды жөн көрдім. Сонымен қатар, алдағы уақытта Қазақстандық хип-хоп педагогиканы дамыту мақсатымен бұл бағыт бойынша Республикалық сайыс ұйымдастыру да жоспарда бар.

Сонымен, кез келген өнер туындысы ретінде әнге вербалды мәтіннің болуының арқасында коммуникативті қызмет тән. Әннің бұл ерекшелігін ұстаздар шәкірттерінің сыни тұрғыдан ойлауын, АКТ құзіреттілігін дамыту мақсатында өз пәндерінен әндер шығарту арқылы қолдануы керек деп есептеймін. Болашақта хип-хоп педагогиканың қазіргі кезде жиі пайдаланылатын рэп жанрынан басқа қазақ халқының ұлттық өнерінің бірі – айтыс-сабақ саласының бастау алатынына күмәнім жоқ.

Әдебиеттер тізімі:

1. M.Hall. Education in a Hip-Hop Nation: Towards a Social Justice Hip-Hop Pedagogy. NY, 2009, 71 pp.

Нурғалиева Сара Дюсембаевна,
«Өрлеу» БАҰО АҚФ Павлодар облысы бойынша
педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты
мұғалімнің кәсіби дамуын
психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу
кафедрасының аға оқытушысы

**МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДА БИЛИНГВАЛДЫҚ КОМПОНЕНТТІ ҚОЛДАНУ
АРҚЫЛЫ ЕРТЕ ЖАСТАН БАЛАЛАРДЫҢ ТІЛІН ДАМУЫ**

АННОТАЦИЯ

Мақалада мектепке дейінгі ұйымда билингвальды компонентті қолдана отырып, мектеп жасына дейінгі балалардың тілдік құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі әдістемелік тұрғыда қарастырылады. Педагог-психологтер мен әдіскер-ғалымдардың құнды ой пікірлері талданып, оны мектепке дейінгі ұйымда оқу іс-әрекетінде билингвальды компонентті пайдаланудың әдістемесі беріледі

Түйінді сөздер: билингвалды білім, коммуникативтік құзыреттілік, тілдік орта, педагогикалық тәжірибе.

АННОТАЦИЯ

В статье рассматриваются методические пути формирования коммуникативных компетенций детей дошкольного возраста при использовании билингвального компонента. Рассматриваются труды ученых педагогов и методистов, предлагаются методы использования билингвального компонента для развития коммуникативных компетенций у детей дошкольного возраста.

Ключевые слова: *билингвальное обучение, коммуникативные компетенции, речевая среда, педагогическая практика.*

ABSTRACT

In the article the methodical ways of forming of communicative competencies children of preschool age are examined at the use of билингвального component. Labours of scientific teachers and methodists are examined, the methods of the use of билингвального component are offered for development of communicative competences for the children of preschool

Keywords: *bilingualism educating, communicative competences, speech environment, pedagogical experience*

Әлемнің, тілдердің, мәдениеттердің сан алуандығы қазіргі кезде мәдени аралық қарым-қатынас философиясын анықтайды. Сонымен қатар тілдің сан алуандығы мәдени мұраның айрықша құнды бөлігі ретінде қарастырылады.

Мектепке дейінгі педагогиканың теориялық және практикалық мақсаты – жас ұрпақтың ой - өрісін, сана сезімін кеңейте отырып, өмірге қажетті білім – дағдыларға үйрету. Сол себепті педагогика мен «Балалар бақшасындағы тәрбие бағдарламасында» сәбидің тілін дамыту, ауызекі сөйлеуге үйрету, билингвалды компонентті қолдана отырып екі тілді қатар меңгеру, үйренгенін күнделікті өмірде пайдалана білуге жаттықтырып отыру ісіне назар аударады. Өйткені, баланың айналадағы өмірді танып, білудегі басты жәрдемшісі – тіл болып табылады. Ал тілдің дамуы оның сана - сезімін, ой - өрісін жетіле түсуіне негіз болады.

Билингвалды білім берудің мәні екі тілдің оқыту тілі ретінде пайдаланылуында. Мұндай білім берудің мақсаты - барлық өмірлік жағдайларда екі тілде коммуникативтік-қызметтік операцияларды еркін жүзеге асыруға қабілетті екі тілді тұлғаларды қалыптастыру.

Мектепке дейінгі жаста екінші тілді меңгеру баланың тікелей қабылдауымен, өзге тілді адамдармен ашық қарым-қатынас жасаумен байланысты.

Мектеп жасына дейінгі бала оған екінші тілді білу не үшін керек екенін түсінбейді. Балалардың мотивациясы «осында және қазір» ұстанымы бойынша әрекет етеді, яғни бала алыс мақсат қоймайды. Сондықтан екінші тілді меңгеру процесі баланың ересектермен және басқа балалармен қарым-қатынасындағы тұлғалық, танымдық, ойын іс-әрекеті қажеттіліктерін қанағаттандыру барысында құрылады.

Осы мақсаттағы қарым-қатынас баланың тілдік ортаға тікелей қатысуымен жүргізілуі керек. Бірлескен іс-әрекет қуану, ересектермен, құрдастарымен ынтымақтасу, олармен қарым-қатынасына қанағаттану негізінде қалыптасады.

«Қатынас» білім саласы құрылымының әрекеті әр түрлі өзара байланыстағы сөйлеу жұмысының, сөздікті жетілдіру және жандандыру, грамматикалық сөйлеу тіркесін қалыптастыру, дыбыстық сөйлеу мәдениетін және т.с.с. тарауының процесі ретінде белгіленеді. Осы кезеңде, мектепке дейінгі жаста, байланысты монолог сөзін дамыту негізгі мақсат болып табылады.

Оқытылудағы тілдердің дұрыс айтылуын қалыптастыру барысында есту қабілеті және фонематикалық қабылдау, сөйлеу аппаратының моторикасы, яғни сөйлеу мүшелерінің қозғалғыштығының айырықша мәнділігі бар. Екітілде айтылуын қалыптастыруға фонематикалық есту қабілеті міндетті шарт болып табылады.

Мектеп жасына дейінгі балалардың фонематикалық қабылдау қабілеті өте жоғары деңгейде дамитындығы байқалады; олар дыбыстарды дұрыс айтып, олардың жіңішке және сараланған дыбыстар, сөз түрлері мен жеке дыбыстарды қалыптастырады.

Сараланған дыбысты қабылдау қабілеті акустикалық және артикуляциялық дағдыларды дамыту барысында қалыптасады. Билингвалды компонентті қолдану барысында дыбыс шығару біртіндеп қалыптасады. Олар 3 кезең арқылы өтеді:

- 1) артикуляциялық аппаратты дайындау;
- 2) тұйықталған дыбыстың айтылуын нақтылау;
- 3) буындарда, сөздерде және фразалық сөйлеуде буындарды бекіту.

Барлық балалар игеруге міндетті негізгі лексикалық қормен қатар игерілетін белгілі рецептивті лексиканың көлемі: күнделікті әдетті айтылатын сөздер, ұйқастырмаларда және тыңдалымға арналған мәтіндерде кездесетін лексика.

Жаңа сөздерді саралап айтуды жөндеу, тек таза сөйлеу және жаңылтпаштарды қолдану арқылы жүзеге асады.

Сөйлеудің дұрыс ырғағы мен екпінін қалыптастыруда сөйлеу тынысы ерекше орын алады. Сөйлеу тынысы тыныстық гимнастиканың барысында дамиды. Тыныс гимнастикасында әртүрлі сюжетті жаттығулар қолданылады: («Сағат» «Ұшақ» «Сорап» жәнет.б.). Тыныс гимнастикасы әртүрлі ойын жаттығулар түрінде өтеді. Балалар мақташарларын, қағаз сызықшаларын, шарларды үрлейді, сабын көпіршіктерін жібереді және т.б.

Билингвадық компонентті қолдану барысында келесі ерекшеліктерді ескеру қажет:

- оқытудағы тілдердің сөз әрекетін белсенді түсіну және айту процессі ретінде қалыптасуы керек;
- оқыту әдістемесі қызмет принципіне (қолда бар қызығушылық, қойылған мақсатқа сәйкес теңбе-тең тәсілдер мен мақсаттарды қолдану) негізделуі керек;
- қарапайым пікір айту машықтарын қалыптастыру үшін сөз таңдау, оның өзгеруі, сәйкес ойын жеткізу сөйлемдерін таңдау қажет;
- мектепке дейінгі жастағы балаларды сөйлеу жағдайындағы бағытталу машықтары және оқытылып жатқан тілдегі қарым-қатынасқа оқыту қажет.

Жаңа сөздерді сөйлеуде пайдалану кезінде оларды игеру және қарым-қатынас жасау тек белгілі сөздік қордың жинақталуы мен есте сақталу жағдайында ғана мүмкін.

Сөздік жұмыс екі тілде оқытудың алғашқы кезеңінде басым болып табылады, себебі тілдерді тәжірибеде игеру алдын ала бейтарап сөздікті жинақтаусыз мүмкін емес. Белсенді сөздікке жаңа сөздерді енгізу: ойыншықтар, нақ пішін, табиғи заттар, сюжеттік суреттер, фотосурет, сызбаларға сүйене отырып, бейнелерді көру нәтижелі болып табылады. Жаңа сөздердің айтылуы мінсіз, айқын, ашық болуы тиіс. Меңгерудегі тілге енгізілетін жаңалықтар келесі кезеңдерден өту қажет: педагогтің үлгісіне сүйене отырып жаңадан естіген сөздерді елестетіп қалыптастыра білу; сөйлеу кезінде оларды тану және түсіну.

Мағыналы мәтінді, тақпақтар, өтірік өлеңдер, санамақтардың екпін мен мәнерлеп айтылуына аса назар аудару қажет.

Айтылу жағынан сөйлеуін жетілдіру, есту ықыласын дамыту, есту арқылы сөйлеуін жетілдіру үшін мынадай әр түрлі тәсілдер қолданылады:

- оқыту тіліндегі педагогтың үлгісіне қарап дыбыс және сөздерді дұрыс айту;
- кейіпкер және бұйымдарды келтіру барысында дұрыс екпінді қолдану; -бұйымдар мен кейіпкерді сахналау кезінде дұрыс екпін пайдалану;
- қажетті мәнерлі құралдар таңдау үшін балаларға қарастырылған сұрақтар;
- сөйлемдерді әр түрлі екпінмен (қуана, ренжулі, немқұрайлы) айту бойынша шығармашылық тапсырмалар;
- жеке сөздер, сөйлем, логикалық екпін қоюлары, дауыс ырғағын және күшін өзгертуді (қосылып, жекеше) қайталау үшін жаттығулар;
- рөлмен оқу.

Жаттау немесе жатқа оқу кең қолданылады (ертеңгілікте орындау, сәбилердің алдында көңіл көтеру, туыстардың сыйлығына және т.б.). Осы жаттығулар баланың күш-қуатын жұмылдырады, әрі басқа тілде өз қалауынша айтуға ықыласын арттырады.

Мектепке дейінгі жастағы үлкен балалардың мәнерлеп сөйлеуі әр түрлі болып қалыптасады, сондықтан ұйымдастырылған оқыту қызметінде бірнеше қатар әдіс-тәсілдер қолданады.

Мектеп жасына дейінгі баланың қабылдау ерекшеліктерін ескере отырып, педагогтен жеңілдеткен түрде еске сақтау тәсілдерін қолдану талап етіледі. Балалармен лексикалық мәліметті нақты бекіту үшін, оны бірнеше рет қайталау қажет. Баланың сөздік қорын толықтыру үшін, қайталау барысында тек белгілі ғана емес, жаңа лексиканы пайдалану қажет.

Бастапқы кезеңде орыс тілінде оқытылып жатқан топтардың қазақ тілін оқыту барысында лексикалық, грамматикалық және фонетикалық дағдыны қалыптастыруына үлкен назар аудару қажет. Осы дағдылар болмаса сөйлеу өнері айтарлықтай сапалы болмайды, балалар дұрыс айтуды және оқытудағы тілдердің сөйлеу қалыптылығын сақтай алмайды.

Күнделікті, әртүрлі тұрмыстық жағдайда ұйымдастырылған оқу қызметі процессінде және дидактикалық ойын барысында өздігінен әртүрлі сөздіктерді қолдануда жүзеге асады. Маңызды тілдесуді ұйымдастыруды, балалардың сөйлеуге назарын аудару, сөздік қорына, баланың жинақталған сөз құрамы байлығын пайдалану педагогтің рөлі болып табылады.

Театр әрекеті, сүйікті ертегілердің ерекше үзінділерін сахналау, кейіпкерлер диалогін пайдалану орыс және ағылшын тілдерін үйренуді белсендіруге, грамматикалық құрылымды және жүйелі сөздің дамуына мүмкіндік туғызады.

Мектепке дейінгі жастағы баламен тілдерді үйрену барысында екі тілді қатар меңгеру жағдайында дыбыс мәдениетін меңгеру – балалардың белсенді сөздік қорын толықтыру барысын анағұрлым қарқындатады, тіл байланысын кеңейтеді.

Екі тілді қатар дамытудағы жұмысты дұрыс ұйымдастыру және дұрыс жоспарлау үшін балалардың сөйлеу мүмкіндіктерін дамыту мен байытудың жалпы жағдайын анық білу қажет.

Ана тілінің ерекшеліктерін есепке ала өзге тілдерді оқыту кезіндегі коммуникативтік, когнитивтік және функциональдық тәсілдер бірлігі тілдерді оқытудың қазіргі теориясы мен әдістемесі келешегі зор бағыт интегративтік тәсілді қарастыруға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1.Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы - Астана, 2011.
- 2.Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту» білім стандарты - Астана, 2012.
- 3.Бабинская П. К. Практический курс методики преподавания иностранного языка: английский, немецкий, французский. - Минск: 2003.
- 4.Выготский Л.С. Педагогическая психология. – М.,1998

Нурханова Жанна Калкажановна
учитель английского языка
КГКП «Ясли –сад №9 «Айгөлек» г. Семей

ПРОБЛЕМЫ ИЗУЧЕНИЯ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА В УСЛОВИЯХ ДОШКОЛЬНОЙ ОРГАНИЗАЦИИ

АННОТАЦИЯ

Мектепке дейінгі жас шет тілін оқытуға қолайлы кез: осы жастағы балалар тіл құбылыстарына сезгіштікпен ерекшеленеді. Осы мақалада мектепке дейінгі мекемеде ағылшын тілін оқытудың жұмыс түрлері көрсетілген.

***Түйінді сөздер:** көптілдік, қарқынды, кешенді сабақтар*